



**Автор:** Түменова Ұлбосын Алшағырқызы

**Пән:** Дүниетану. Тарих компоненті

**Сынып:** 1-сынып

**Бөлім:** Дені саудың – жаны сау

**Тақырып:** Тазалық-денсаулық кепілі

|                                               |                                                                                                                                                                                                                    |
|-----------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 1.1.4.1 жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру                                                                                                                                                       |
| Сабақтың мақсаты:                             | • Жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығы жайлы өз ойын білдіреді.                                                                                                                                               |
| Тілдік мақсаттар:                             | • Жеке бас гигиена ережелерін құрастырады.<br>Жеке бас гигиенасы ережелерін үйрену және оның денсаулықты нығайтудағы маңызын біледі.                                                                               |
| Күтілетін нәтиже:                             | жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығын түсінеді                                                                                                                                                                |
| Бағалау критерийлері:                         | 1. Жеке бас гигиенасының құралдарын атайды.<br>2. Жеке бас гигиенасына қатысты тәртіп ережелерін анықтайды.                                                                                                        |
| Құндылықтарды дарыту:                         | Топтық жұмыс барысында өзара сыйластық, құрметпен қарау, ынтымақтастық, ашықтық, жауапкершілікті сезіну, білім алуға дайын болу.<br>Жеке бас гигиенасын сақтау, салауатты өмір салтын ұстану құндылықтарын дарыту. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары:                     |                                                                                                                                                                                                                    |
| Пәнаралық байланыс:                           | Жаратылыстану (адамның дене мүшелері туралы түсініктерін толықтырады), дене шынықтыру (сергіту сәтін жасағанда дене шынықтыру қимылдарын көрсетеді)                                                                |
| Бастапқы білім:                               | Дене мүшелері туралы біледі. Денсаулық пен тазалық сақтаудың қажеттілігі мен пайдасын біледі.                                                                                                                      |

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері               | Жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Ресурстар |
|-------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| Сабақтың басы<br>(5 минут)    | Ұйымдастыру кезеңі<br>Психологиялық ахуал.<br>«Жылы лебіз бен тілек».<br>Оқушылар шеңберге тұрып бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.<br>Топқа біріктіру «Қажетті заттар» әдісі<br>1-топ : «Сабын» тобы<br>2-топ: «Тіс щеткасы» тобы<br>3- топ: «Тарақ» тобы Қызығушылықты ояту:<br>«Дұрыс құрастыр!». Сурет қиындыларынан дене мүшелерін құрастыру. -Екі көзіміз не үшін керек? Жақсыларды көру үшін Екі құлағымыз не үшін керек? Ақыл –кеңес тыңдау үшін! Екі аяғымыз не үшін керек? Екі қолың не үшін керек?<br>Қызығушылықты ояту: Ассоциация әдісі: |           |
| Сабақтың ортасы<br>(27 минут) | «Құпия зат» әдісі. Әр топтан бір оқушы қапшықтағы затты сипаттайды.<br>АКТ мүмкіндіктерін пайдалану арқылы суреттер көрсетіледі.<br>Ұ. 1-тапсырма. «Суретпен сөйлес!» (Екі суреттегі айырмашылықты тауып, таза ауада ойнаудың пайдасын, суға жуынуды , тазалықты сақтауды талқылайды).<br>ҰЖ 2-тапсырма. Оқулықтағы мәтінді оқыңдар («Сен білесің бе?» 83-бет).<br>Сабынды майлы жіліктерді әбден қайнатып, оған ала бұтаның өртеп алынған күлін қосып былғау арқылы жасаған. – Бұл құралдар не үшін қажет? -Тазалықты не үшін сақтаймыз?                 |           |

| Сабақкезеңдері             | Жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                 | Ресурстар |
|----------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| Сабақтың соңы<br>(5 минут) | «Сәйкестердіру» әдісі.<br>Суретке мұқият қара.<br>Баланың жеке бас гигиена сақтауға қажетті құралдарын ата!<br>Суреттерді сәйкестендір |           |
| Рефлексия<br>(3 минут)     | Рефлексия: «Қосу-алу-қызықты» әдісі.                                                                                                   |           |